

АННОТАЦИЯ

Садықова Лаура Айтжанқызының 6D110200 - "Қоғамдық денсаулық сақтау" мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған диссертациялық жұмысының тақырыбы: «Қазіргі жағдайдағы туберкулезбен ауыратын науқастарға медициналық көмекті жетілдірудің ұйымдастыру-басқару технологиялары»

Зерттеу тақырыбының өзектілігі:

Қазақстанда туберкулезбен (ТБ) ауыратындардың 85% - ы ұзақ уақыт стационар жағдайында емделеді. Бұл көбінесе негізсіз, өйткені ТБ амбулаториялық емі көп жағдайда балама болуы мүмкін. Туберкулезді стационарлық емдеу - туберкулездің одан әрі таралуын болдырмаудың 100% кепілі және тиімді құралы болып табылмайды. Өз кезегінде ауруханаларда туберкулезді стационарлық емдеу дәріге төзімді ТБ формаларының нозокомиалды инфекциясының таралуына ықпал етуі мүмкін [ВОЗ, 2019; Outofstep ВЕЦА, 2017].

Медициналық көмегінің жақсаруын ұйымдастыру технологияларын енгізу арқылы қол жеткізуге болады. Мысалы, қызметтерді біріктіру, пациентке бағдарлану және ТБ науқастарын әлеуметтік-психологиялық қолдау. Соңғы онжылдықтар ішінде көптеген халықаралық авторлардың зерттеулерінде туберкулезбен ауыратын науқастарға медициналық көмек көрсетуді жақсартудың маңызды аспектілері қызметтерді жалпы медициналық желіге біріктіру және көмек көрсету кезінде адамдардың қажеттіліктеріне бағыттау болып табылады. Барлық деңгейдегі басқа елдердің тәжірибесін зерттеу нәтижесінде мықты денсаулық сақтау жүйесінің, қаржыландырудың, қуатты стационарлық желінің болуы туберкулезді емдеу тиімділігін арттырудың кепілі болып табылмайтынын көрсетеді [BassiliA. etall, 2013; JenniferHoetall, 2017; QiangSun, 2012].

Қазақстанда туберкулезді амбулаториялық жағдайда және стационарды алмастыратын медициналық көмек түрлерін қолдану арқылы емдеу курстарын қолданудан оң нәтиже көрсеткен бірқатар зерттеулер жүргізілді [Усембаева С.А., 2010; Сакыбаева С. А., 2008]. Сонымен қатар, туберкулезбен ауыратын науқастарды мәжбүрлеп ауруханаға жатқызудың қолайсыз әсерін анықтаған зерттеулер болды, бұл өлім қаупін арттырды [Маймаков Т.А., 2014].

Осылайша, Қазақстанда туберкулезге қарсы қызметті реформалау үшін алғышарттар пайда болды – интеграцияланған туберкулезді бақылау моделін енгізу. ТБ және дәріге тұрақты ТБ ауыртпалығын төмендету мақсатында және ДДҰ ұсынымдарына сүйене отырып, 2013 жылдан бастап туберкулезбен ауыратын науқастарға медициналық көмекті оңтайландыру және амбулаториялық жағдайда ТБ емдеуді кеңейту жүргізілуде, елде туберкулез ауыртпалығын төмендету бойынша бірқатар құжаттар, нормативтік-құқықтық актілер қабылданды [ҚР "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексі, 2016-2019 жылдарға арналған

"Денсаулық" мемлекеттік бағдарламасы, 2014-2020 жылдарға арналған ҚР туберкулезге қарсы күрес жөніндегі кешенді жоспары, 12.07.2013 ж, «Туберкулезге қарсы кешенді күрес» әдестемелік құрал, Алматы, 2016 ж.].

Жоғарыда көрсетілген модельге сәйкес қазіргі заманғы ұйымдастыру - басқару технологияларын қолдану, адамдардың қажеттіліктеріне бағдарланған туберкулез инфекциясын бұрын анықтау туберкулезбен ауыратын науқастарды әлеуметтік-психологиялық қолдау жетекші бағыттардың біріне айналды және ғылыми қоғамдастық пен денсаулық сақтауды ұйымдастырушылар тарапынан ерекше назар аударуды талап етеді. Жоғарыда айтылғандардың бәрі диссертациялық зерттеуге өзектілігін дәлелдеп, өткізуге негіздеу болды.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты:

Қазақстандағы туберкулезбен күресті жетілдіруге заманауи ұйымдастыру - басқарушылық технологиялардың әсерін бағалау.

Зерттеу объектісі - I, II санатында емделген туберкулезбен ауыратын науқастар (ТБ-ның сезімтал нысандары) және туберкулезбен ауыратын науқастарға медициналық көмек көрсететін медициналық персонал.

Зерттеу пәні – ұйымдастыру - басқару технологиялары, туберкулезді интеграцияланған бақылау, адамдардың қажеттіліктеріне бағытталған туберкулезге қарсы көмек көрсету модельдері.

Зерттеу міндеттері:

1. Қазақстан Республикасының облыстары бөлінісінде туберкулез бойынша эпидемиологиялық жағдайға кешенді интегралды баға беру;

2. Амбулаториялық және стационарлық жағдайларда ТБ-ның сезімтал түрлерімен ауыратын науқастарды емдеу нәтижелерінің нәтижелерін бағалау;

3. TB Xpert MTB/RIF диагностикасының инновациялық жеделдетілген әдістерін қолдану бюджетке әсерін талдау;

4. Қазақстанда ұйымдастыру - басқару технологияларын (туберкулезді интеграциялы бақылау) енгізуге медицина қызметкерлерінің қатынасын зерттеу;

5. Туберкулез ауруларына медициналық көмек көрсетуді жетілдіру бойынша ұсыныстар мен жетілдіру жолдарын әзірлеу.

Ғылыми жаңалық:

1. 2007-2019 жж. бастап ҚР-дағы эпидемиологиялық жағдайға және туберкулезге қарсы қызметтердің жұмыс көрсеткіштерімен кешенді интегралды баға берілді;

2. Ауруды емдеу нәтижелері бойынша ТБ-ның сезімтал нысандары бар науқастарда көмек түрі арасындағы айырмашылықтың сенімді болмауы анықталды, бұл осы санаттағы адамдар үшін ТБ амбулаториялық емін пайдалануды жалғастыруға мүмкіндік береді;

3. XpertMTB / RIF ТБ диагностикасының жеделдетілген әдістерін пайдаланудың бюджетке әсер етуіне экономикалық талдау жүргізілді, ол туберкулезге қарсы емдеуді ерте тағайындау және ТБ-бен ауыратын

науқасты стационарда ұстауға жұмсалатын шығындарды қысқарту есебінен бюджет қаражатының үнемделетінін дәлелдеді.

4. Адамдардың қажеттіліктеріне бағдарланған туберкулезге қарсы көмектің ұсынылған интеграцияланған моделдің құрамында қолдау ортасының компоненттерін (мобильді топтар, әлеуметтік қызметтер, отбасылар мен қауымдастықтар) міндетті компоненті бар.

Қорғауға шығарылатын тұжарымдар:

1. Туберкулезге қарсы қызметтердің даму кезеңдері ТБ-ны интеграцияланған бақылауды және Қазақстанда ТБ-мен ауыратын науқастарға медициналық көмекті ұйымдастыруға адамдардың қажеттіліктеріне бағдарланған тәсілдерді негізді енгізуге алып келді.

2. Біріктірілген бақылауды енгізу сезімтал ТБ науқастарында амбулаториялық жағдайда емдеу нәтижесінің жақсы нәтижелерін көрсетті.

3. Хpert MTB/RIF ТБ диагностикасының жеделдетілген әдістерін қолдану туберкулезге қарсы барабар емдеуді ерте тағайындау есебінен науқастарды стационарлық ұстауға арналған шығыстарды қысқартуға мүмкіндік береді.

4. ТБ-ны интеграцияланған бақылауды жалғастыру үшін персоналды оқыту, МСАК қызметкерлерінің коммуникативтік құзыреттерін кеңейту, медицина қызметкерлері үшін қаржылық уәждемені қайта қарау және стационарлық емдеуден ТБ-ны ерте диагностикалауға және адамдардың қажеттіліктеріне бағытталған тәсілдемелерге (әлеуметтік-психологиялық көмек) қаражатты бөлу қажет.

Алынған нәтижелердің тәжірибелік маңызы:

1. Адамдардың қажеттіліктеріне бағдарланған өңірлік қызметтер үшін туберкулезді интеграцияланған бақылауды жетілдіру моделі ұсынылды;

2. Туберкулезге қарсы аймақтық қызметтерді қаржыландыру үлгісі ұсынылды;

3. ТБ науқастарына амбулаториялық жағдайда көмек көрсетуді жетілдіру бойынша өңірлік туберкулезге қарсы қызметтерге арналған ұсынымдар әзірленді.

Докторанттың жеке үлесі:

Туберкулезді интегративті бақылау (Алматы, 2016 ж.) және Қазақстан Республикасында сезімталдығы мен дәріге төзімділігі сақталған туберкулез жағдайларының менеджменті бойынша нұсқаулықтар (Алматы, 2019 ж.) бойынша жұмыстарына қатысты.

Диссертация нәтижелерін апробациялау:

1. Туберкулезді интеграцияланған бақылау жөніндегі халықаралық конференция, Алматы, Қазақстан, 26-27 қыркүйек 2016 ж. "Қазақстанда Хpert MTB/ RIF диагностикасының жедел әдістерін енгізудің қазіргі жағдайы. Қолжетімділік және экономикалық негізділік мәселелері" тақырыбына баяндама.

2. "Қазақстан Республикасында КДТ-ТБ және КДТ-ТБ менеджментін жақсарту бойынша ДДҰ ұсынымдарын енгізу" халықаралық қатысуымен

республикалық конференция (24-25 тамыз). 2017ж. "Қазақстанда ТБ және ДТ-ТБ күрес жөніндегі ұлттық бағдарламаны іске асыру. ҚР ДСМ ТБ және ДТ-ТБ бойынша Бұйрығының жаңартылған нұсқасы" тақырыбындағы баяндама.

3. "Ақанов оқулары: "Медицина мен денсаулық сақтаудың өзекті мәселелері" Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы, 19-20 сәуір 2018 ж. "Қазақстанда туберкулездің сезімтал түрлерімен ауыратын науқастарға медициналық көмекті қолданудың салыстырмалы сипаттамасы" тақырыбындағы баяндама.

4. 2018 жылдың 26-27 сәуірінде ҚР ДСМ ФГО-ның 85 жылдық мерейтойына арналған "Туберкулез індетін жоюдың жаңа тәсілдері" халықаралық конференциясы. "2015-2018 жж. ТБ қызметін реформалау бойынша негізгі жетістіктер" тақырыбына баяндама

Жарияланымдар:

Диссертация материалдары бойынша 20 ғылыми жұмыс жарияланды, оның ішінде 7 мақала ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (ҚР БҒМ БҒСБК) ұсынған журналдарда; 10 тезис конференция жинақтарында, оның ішінде 4 шетелдік конференцияларда; 3 мақала шетелдік журналдарда, оның ішінде 1 мақала Web of Science рецензияланған басылымдарына кіретін "MEDICINE" (Baltimore, USA) журналында жарияланды (импакт-фактор 1,889; Q3) және Scopus (2019 ж. 84 процентиль), 2 мақала шетел басылымда (Google Scholar базасына, e-Library.ru кітапханасына кіреді).

Диссертацияның көлемі мен құрылымы:

Диссертация кіріспеден, әдебиеттерді шолудан, жеке зерттеудің 6 тарауынан, қорытындыдан, тұжырымдар мен ұсыныстардан тұрады. Диссертация көлемі – 110 бет, 13 кесте және 33 сурет. 146 дереккөз, оның ішінде 88 шетелдік және 58 отандық әдебиет талданды.